Мемлекеттік грант беру туралы
2024 жылғы «15 »шілде №126
Шарттың № 7 қосымшасы

**Әлеуметтік жобаны іске асыру нәтижелері бойынша**
**қорытынды есеп**

1. Үкіметтік емес ұйымның толық атауы: «Жарқын ЖанҰя» қоғамдық бірлестігі.
2. Үкіметтік емес ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда): Динара Омархановна Кудайбергенова
3. Заңды мекенжайы, байланыс телефоны: Атырау қаласы, Өркен ықшам ауданы, Х.Қуанышқали көшесі, 21үй.
4. Грантты іске асыру шеңберіндегі әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның атауы (бағыты): тақырыбы- «Атырау қаласында зорлық зомбылықтың алдын алу».
5. Әлеуметтік жобаны және/немесе әлеуметтік бағдарламаны іске асыру кезеңінің басталу және аяқталу күні: 2024 жылдың 15 шілдеден 29 қарашаға дейін
6. Грантты іске асыруға бөлінген қаражаттың жалпы сомасы: 3 000 000теңге (үш миллион теңге)

**1. Әлеуметтік жоба шеңберіндегі іс-шараларды сипаттаңыз**

**1 міндет. Кәсіби мамандардың тренерлігімен Әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың, буллингтің алдын алу бойынша құзыретті мекемелердің мамандарының біліктілігін арттыру (тренинг).**

**1-іс-шара: Кәсіби мамандардың тренерлігімен Әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың, буллингтің алдын алу бойынша құзыретті мекемелердің мамандарының (мемлекеттік қызметкерлер, дағдарыс орталығы, полиция инспекторлары, психологтар) біліктілігін арттыру (тренинг) – қатысушылар саны: кемінде 25, оқу ұзақтығы: 24 сағат, тренерлер саны: 2 (кемінде 1-уі Республикалық деңгейдегі өз саласында танымал тренер болу қажет);**

**Уақыты:** 14-15-16 тамыз күндері,сағат 09:00-ден 18:00-ге дейін Атырау қаласы, Atyray Dastan қонақ үйінің залында өтті.

Қатысушылар: Әйелдер мен балаларға қатысты зорлық зомбылықтың, буллингтің алдын алу бойынша құзіретті мекемелердің мамандары: полиция инспекторлары, дағдарыс орталығының мамандары, психологтар, мемлекеттік қызметкерлер (Атырау қаласы)

Тапсырыс беруші тараптың күткен нәтижесі және іс шараға қойылған талаптар толық орындалды: тіпті, қатысушылар **саны 40-қа** жуық болды, оқу ұзақтығы: 24 сағат берілген, нәтижесі: толық 3 күн таңнан кешке дейін,8 сағаттан қатысушыларға ыңғайлы болу үшін кофе брейк, түскі ас ұйымдастырылып, кең,жабдықталған теорияны да, практиканы да өткізуге ыңғайлы залда зейінді білім алуларына жағдай жасалды,тренерлер саны: 2 республикалық деңгейде тренер отбасылық психолог Мөлдір Болатқызы және заңгер жергілікті тренерлер өз білімдерімен бөлісті және шараны қолдап, Атырау облысы әйелдер істері және отбасылық демографиялық саясат жөніндегі комиссия бас инспекторы,мүшелері келіп өз пікір ұсыныстарымен бөлісті.

Іс шараны тренингке қатысушылар Атырау қаласы бойынша осы тектес кәсіби біліктілікті арттыру тренингі көлемді, әрі өте ыңғайлы ұйымдастырылған алғашқы шара деп бағалады. Сондай ақ, тренингке қатысушылар шақырылған кәсіби мамандардың тәжірибелі, әрі аудиторияны жалықтырмай, құнды ақпараттармен, біліммен бөліскен мамандар деп бағалап, жақсы инсайттар алғандарын айтып,

ризашылықтарын білдірді. Сол шараға қатысқан учаскелік полиция инспекторлары осы уақытқа дейін басшылықтарынан сұрап тұрады екен,алдындағы біз қатысқан семинар тренинг сияқты шараны тағы қашан ұйымдастырады екен деп. Олар жәбірленушілермен практика жүзінде жұмыс жасайтындықтан, олардың іс әрекеттеріне эмоциялық, психологиялық тұрғыдан бағалау, түсіну, айтқан ақпараттарының шындық пен жалған екенін айыра білулері маңызды. Осы тұрғыда олар кәсіби психологтың көмегін алды, бір бірімен тәжірибе алмасты. Күтілген нәтиже толық орындалды.

**2 міндет. Тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселесі бойынша Атырау қаласы және қарасты округ тұрғындарының хабардарлығын арттыру шаралары.**

**1-шара: Тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселесі бойынша Атырау қаласы және қарасты округ тұрғындарының хабардарлығын арттыру шараларын өткізу (кездесу, шеберлік сағат, вебинар, дәріс, жеке кездесу, конференция, т.б.) – кемінде 5 шара**

Атырау қаласына қарасты округтің барлығы қамтылды. Соның ішінде Еркінқала ауылдық округі, Атырау, Қайыршақты ауылдық округі, Алмалы ауылдық округі, Кеңөзек ауылдық округі, Дамбы ауылдық округі тұрғындарымен а.ж. 15-23 қазан аралығында «Жарқын Жанұя» ҚБ қрылтайшысы Каликова Райхан, округ әкімдерімен, Атырау қаласы Полиция басқармасы Жергілікті полиция қызметі бөлімі Әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау тобы инспекторы, полиция капитаны Нұргүл Сарсенова, Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету бөлімшесінің директорының орынбасары Айбаршын Имангалиева, Атырау облысы әкелер кеңесінің төрағасы Шота Қанатов, «Аналар үндестігі» ҚБ төрайымы Гүлсім Биташева, отбасылық психолог Айгүл Раушанова, Атырау қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі жанындағы «Отбасын қолдау» бөлімшесінің маманы Оксана Кубаева, Атырау қалалық ішкі саясат бөлімінің ақпараттық және жастар саясаты жөніндегі сектор меңгерушісі, қала әкімі жанындағы әйелдер ісі және отбасылық демографиялық-саясат жөніндегі комиссия хатшысы Гүлшат Мағынтаевалардың қатысуымен кездесулер, жеке кездесулер, кеңес беру шаралары ұйымдастырылды. Әр округте 1 шарадан соң психолог, невропатолог, заңгердің «жеке кездесуіне» (кеңес беруі) ұйымдастыра отырып, жалпы саны 6 кездесу шаралары ұйымдастырылды. Әйелдер мен балаларға қатысты заңгерлік, психологиялық, медициналық, "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" кодекс бойынша құқықтық кеңес беру.

Кәсіби мамандар:

1.Тулешова Балжан Рамазановна – Жоғарғы санатты невролог- дәрігер.

2.Айгуль Тағыбергенқызы Раушанова – Отбасылық практик-психолог

3.Жумагулов Айдын Кайратулы – Сот орындаушыларының қызметін реттеу және бақылау бөлімінің бас маманы,заңгер

4.Ахатова Айгуль Гарифуллаевна – Әділет Департаменті құқықтық түсіндіру жұмысы және заңгерлік қызмет көрсету бөлімінің басшысы, жоғары санатты заңгер. "Әйелдер мен балаларға қатысты қатыгездік пен зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша қолданыстағы заңнаманың жаңа механизмін тиімді жүзеге асыру" әлеуметтік жоба аясында Атырау қаласында зорлық-зомбылықтың алдын алу басым бағытында түрлі іс-шаралар ұйымдастырылды. Атырау қаласына қарасты 6 округ тұрғындарымен кездесулерден кейін, психолог, заңгер, невропотолог мамандарының тегін кәсіби кеңес беру, жеке кездесулерін өткізіп отырды.

**Жалпы шараға 233 қала тұрғындары** қатысты. Кездесу барысында қатысушылардың көпшілігі тіркелуден бас тартты. Әрбір ауылдық округте өткізілген кездесулерде тұрғындар спикер мамандардан сапалы ақпараттар алды. Спикерлер зорлық зомбылық бағытында қоғамымызда оның ішінде біздің Атырау өңірінде де түрлі келеңсіз жағдайлардың көбейіп кеткенін алға тартып, оның алдын алуға қоғам болып күресуге, үнсіз қалмау, айналып кетпеуге шақырды.

**1-іс-шара. «Отбасы- жылулық ұясы» тақырыбында семинар-тренинг, Еркінқала ауылдық округі тұрғындарымен кездесу**

Шара **15.10.2024** жыл сағат 15:00 Еркінқала округтік мәдениет үйі, Шәріп Түсіпқалиев к. 13. мекен жайда өтті.
Шара мақсаты: Тұрмыстық зорлық – зомбылық, отбасылық құндылық, жастар, жасөспірімдер мен балалар арасында буллинг пен суицидтің алдын алу мәселелері бойынша тұрғындардың хабардарлығын арттыру,түсіндіру,ақпараттандыру жұмыстарын жүргізу.
Модератор: «Жарқын ЖанҰя» ҚБ құрылтайшысы Каликова Райхан Сарсенбаевна жүргізді. Еркінқала ауылдық округ әкімі Мұхтар Молдағалиұлы Құмарғалиев (алғы сөз) сөйледі. Спикерлер: 1.Атырау қаласы Полиция басқармасы Жергілікті полиция қызметі бөлімі Әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау тобы инспекторы полиция капитаны Оракбаева Айгерим Турганбайкызы.
2.Тұрмыстық зорлық -зомбылық құрбандарына арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету бөлімшесі директоры орынбасары Имангалиева Айбаршын Тұқпотоллақызы.
3.Атырау қаласы әкімі жанындағы әйелдер ісі және отбасылық демографиялық – саясат жөніндегі комиссия мүшесі, қалалық мәдениет,тілдерді дамыту,дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысының орынбасары Құралай Аманқызы Құмарова.
4.«Қазақ аналары – дәстүрге жол» Республикалық қоғамдық бірлестігінің Атырау облысы бойынша филиалының белсенді мүшесі, Алтын алқа иегері,көпбалалы ана Карабалиева Гүлзада Кеңесқызы.
5.Отбасылық психолог Айгүл Тағыбергенқызы Раушанова
6. Атырау қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі жанындағы «Отбасын қолдау» бөлімшесінің маманы Оксана Болатовна Кубаева
7.Атырау қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі жанындағы «Отбасын қолдау» бөлімшесінің әлеуметтік кеңесшісі Гулмира Маратовна Курманбаевна.
Қатысушы: Қалалық ішкі саясат бөлім өкілі Атырау қалалық ішкі саясат бөлімінің ақпараттық және жастар саясаты жөніндегі сектор меңгерушісі, қала әкімі жанындағы әйелдер ісі және отбасылық демографиялық –саясат жөніндегі комиссия хатшысы Гүлшат Жұмабекқызы Мағынтаева, «Жарқын ЖанҰя» қб төрайымы Д. О. Кудайбергенова және округ тұрғындары.
Атырау қалалық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі өнерпаздарының концерттік нөмірлері ұйымдастырылды.
**2-іс-шара: «Отбасы- жылулық ұясы» тақырыбында семинар-тренинг, Қайыршақты ауылдық округі тұрғындарымен кездесу**
Шара **16.10.2024** жыл сағат 15:00 Томарлы мәдениет үйі, Томарлы елді мекені, К.Бектемиров, 33 мекен жайда өтті.
Шара мақсаты: Тұрмыстық зорлық – зомбылық, отбасылық құндылық, жастар, жасөспірімдер мен балалар арасында буллинг пен суицидтің алдын алу мәселелері бойынша тұрғындардың хабардарлығын арттыру,түсіндіру,ақпараттандыру жұмыстарын жүргізу.
Модератор: «Жарқын ЖанҰя» ҚБ құрылтайшысы Каликова РайханСарсенбаевна
Атырау қалалық ішкі саясат бөлімінің басшысы,комиссия төрағасының орынбасары Нурбол Нугманұлы Утегалиев
(алғы сөз)
Спикерлер:
1.Атырау қаласы Полиция басқармасы Жергілікті полиция қызметі бөлімі Әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау тобы инспекторы полиция капитаны Оракбаева Айгерим Турганбайкызы.
2.Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету бөлімшесің маман-тәрбиешісі Дюсенгалиева Ақзияш Қалыбайқызы
3.Атырау қаласы әкімі жанындағы әйелдер ісі және отбасылық демографиялық –саясат жөніндегі комиссия мүшесі «Атырау «Маленькая страна» қоғамдық қорының төрағасы Ерлан Асылбайұлы Күмісқалиев

4.Атырау қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі жанындағы «Отбасын қолдау» бөлімшесінің маманы Оксана Болатовна Кубаева
5.Атырау қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі жанындағы «Отбасын қолдау» бөлімшесінің әлеуметтік кеңесшісі Назым Куттыгуловна Алмуханова
6.Дағдарыс орталығының психолог маманы Жанар Әбубәкірқызы Әділбек
7.«Қазақ аналары – дәстүрге жол» Республикалық қоғамдық бірлестігінің Атырау облысы бойынша филиалының белсенді мүшесі, Алтын алқа иегері,көпбалалы ана Карабалиева Гүлзада Кеңесқызы.
Қатысушы: Қалалық ішкі саясат бөлім өкілі
Атырау қалалық ішкі саясат бөлімінің ақпараттық және жастар саясаты жөніндегі сектор меңгерушісі, қала әкімі жанындағы әйелдер ісі және отбасылық демографиялық –саясат жөніндегі комиссия хатшысы Гүлшат Жұмабекқызы Мағынтаева
Шара соңында: Атырау қалалық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі өнерпаздарының концерттік нөмірлері
**3-іс-шара: «Отбасы- жылулық ұясы» тақырыбында семинар-тренинг, Алмалы ауылдық округі тұрғындарымен кездесу**
Шара **17.10.2024** жыл сағат 15:00де, Алмалы ауылдық округтік әкімдігі, Конференц зал Бейбітшілік, 1мекен жайда өтті.
Шара мақсаты: Тұрмыстық зорлық – зомбылық, отбасылық құндылық, жастар, жасөспірімдер мен балалар арасында буллинг пен суицидтің алдын алу мәселелері бойынша тұрғындардың хабардарлығын арттыру,түсіндіру,ақпараттандыру жұмыстарын жүргізу.
Модератор: «Жарқын ЖанҰя» ҚБ құрылтайшысы Каликова РайханСарсенбаевна
Алмалы ауылдық округ әкімі Гүлшат Төлегенқызы Аухадиева (алғы сөз)
Спикерлер:
1.Атырау қаласы Полиция басқармасы Жергілікті полиция қызметі бөлімі Әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау тобы инспекторыполиция капитаны Нұргүл Кайырболаткызы Сарсенова
2.Тұрмыстық зорлық -зомбылық құрбандарына арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету бөлімшесі директоры орынбасары Имангалиева АйбаршынТұқпотоллақызы
3.Атырау облысы әкелер кеңесінің төрағасы Шота Қуанышұлы Қанатов
4.«Аналар үндестігі» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Гүлсім Хантөреқызы Биташева
5.Отбасылық психолог Айгүл Тағыбергенқызы Раушанова
6.Атырау қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі жанындағы «Отбасын қолдау» бөлімшесінің маманы Оксана Болатовна Кубаева
Қатысушы: Қалалық ішкі саясат бөлім өкілі
Атырау қалалық ішкі саясат бөлімінің ақпараттық және жастар саясаты жөніндегі сектор меңгерушісі, қала әкімі жанындағы әйелдер ісі және отбасылық демографиялық –саясат жөніндегі комиссия хатшысы Гүлшат Жұмабекқызы Мағынтаева
Шара соңында: Атырау қалалық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі өнерпаздарының концерттік нөмірлері
**4-іс-шара: «Отбасы- жылулық ұясы» тақырыбында семинар-тренинг, Дамба ауылдық округі тұрғындарымен кездесу**
Шара **21.10.2024** жыл сағат 15:00 де Амангельді ауылдық мәдениет үйі өтті.
Шара мақсаты: Тұрмыстық зорлық – зомбылық, отбасылық құндылық, жастар, жасөспірімдер мен балалар арасында буллинг пен суицидтің алдын алу мәселелері бойынша тұрғындардың хабардарлығын арттыру,түсіндіру,ақпараттандыру жұмыстарын жүргізу.

Модератор: «Жарқын ЖанҰя» ҚБ құрылтайшысы **Каликова РайханСарсенбаевна**
Дамба ауылдық округ әкімі **Ұзақбай Шораұлы Байзуллин** (алғы сөз)
Спикерлер:
1.Тұрмыстық зорлық -зомбылық құрбандарына арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету бөлімше заңгері **Тайжанов Бекболат Бақтыгерейұлы**
2.Атырау қаласы әкімі жанындағы әйелдер ісі және отбасылық демографиялық –саясат жөніндегі комиссия мүшесі, Атырау қалалық мәслихатының депутаты,№7 қалалық аурухана басшысы **Гүльнафис Абдиллақызы Танбаева**
**3.**Тұрмыстық зорлық -зомбылық құрбандарына арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету бөлімшесінің психологы **Жанар Әбубәкірқызы Әділбек**
**4.**Атырау қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі жанындағы «Отбасын қолдау» бөлімшесінің маманы **Назым Куттыгулқызы Алмуханова**
**5.**«Қазақ аналары – дәстүрге жол» Республикалық қоғамдық бірлестігінің Атырау облысы бойынша филиалының мүшесі, Алтын алқа иегері **Карабалиева Гүлзада Кеңесқызы**.
**Қатысушы:Қалалық ішкі саясат бөлім өкілі**
Атырау қалалық ішкі саясат бөлімінің ақпараттық және жастар саясаты жөніндегі сектор меңгерушісі, қала әкімі жанындағы әйелдер ісі және отбасылық демографиялық –саясат жөніндегі комиссия хатшысы **Гүлшат Жұмабекқызы Мағынтаева**
Шара соңында зорлық зомбылық тақырыбын талқылаған мамандар мен тұрғындарға Атырау қалалық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі өнерпаздарының концерттік нөмірлерімен жақсы көңіл күй сыйлады.
5**-іс-шара: «Отбасы- жылулық ұясы» тақырыбында семинар-тренинг, Атырау ауылдық округі тұрғындарымен кездесу**
Шара **22.10.2024** жыл,сағат 15:00 Атырау ауылдық округі, Ф.Оңғарсынова атындағы мектебі, конференц залда өтті.
Шара мақсаты: Тұрмыстық зорлық – зомбылық, отбасылық құндылық, жастар, жасөспірімдер мен балалар арасында буллинг пен суицидтің алдын алу мәселелері бойынша тұрғындардың хабардарлығын арттыру,түсіндіру,ақпараттандыру жұмыстарын жүргізу.
Модератор:«Жарқын ЖанҰя» ҚБ құрылтайшысы Каликова РайханСарсенбаевна
Атырау ауылдық округ әкімі Нұрлан Жалғасұлы Халмурзин (алғы сөз)
Спикерлер:
1.Атырау қаласы Полиция басқармасы Жергілікті полиция қызметі бөлімі Әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау тобы инспекторы полиция капитаны Нұргүл Кайырболаткызы Сарсенова
2.Атырау қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі жанындағы «Отбасын қолдау» бөлімшесінің маманы Назым Куттыгулқызы Алмуханова
3.Отбасылық психолог Айгүл Тағыбергенқызы Раушанова
4.«Жүректен жүрекке» Қоғамдық қоры басшысы Ермұханова Гүлбарам Саматқызы
5.«Қазақ аналары – дәстүрге жол» Республикалық қоғамдық бірлестігінің Атырау облысы бойынша филиалының белсенді мүшесі, Алтын алқа иегері,көпбалалы ана Карабалиева Гүлзада Кеңесқызы.
6.Тұрмыстық зорлық -зомбылық құрбандарына арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету бөлімше заңгері Тайжанов Бекболат Бақтыгерейұлы
Қатысушы: Қалалық ішкі саясат бөлім өкілі

Атырау қалалық ішкі саясат бөлімінің ақпараттық және жастар саясаты жөніндегі сектор меңгерушісі, қала әкімі жанындағы әйелдер ісі және отбасылық демографиялық –саясат жөніндегі комиссия хатшысы Гүлшат Жұмабекқызы Мағынтаева
Шара соңында:Атырау қалалық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі өнерпаздарының концерттік нөмірлері
**6-іс-шара: «Отбасы- жылулық ұясы» тақырыбында семинар-тренинг, Кеңөзек ауылдық округі тұрғындарымен кездесу**
Шара 23.10.2024 жыл сағат 15:00, Кеңөзек ауылдық округі Әкімшілік ғимараты, Е.Өтеев көшесі 50А мекен жайда өтті.
**Шара мақсаты: Тұрмыстық зорлық – зомбылық, отбасылық құндылық, жастар, жасөспірімдер мен балалар арасында буллинг пен суицидтің алдын алу мәселелері бойынша тұрғындардың хабардарлығын арттыру,түсіндіру,ақпараттандыру жұмыстарын жүргізу.**
Модератор:«Жарқын ЖанҰя» ҚБ құрылтайшысы Каликова РайханСарсенбаевна
Округ әкімі Ернар Есентемірұлы Утешкалиев (алғы сөз)
Спикерлер:
1,Атырау қаласы Полиция басқармасы Жергілікті полиция қызметі бөлімі Әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау тобы инспекторы полиция капитаны Оракбаева Айгерим Турганбайкызы.
2.«Қазақ аналары – дәстүрге жол» Республикалық қоғамдық бірлестігінің Атырау облысы бойынша филиалының белсенді мүшесі, Алтын алқа иегері,көпбалалы ана Карабалиева Гүлзада Кеңесқызы.
3.Тұрмыстық зорлық -зомбылық құрбандарына арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету бөлімше заңгері Тайжанов Бекболат Бақтыгерейұлы
4.Отбасылық психолог Айгүл Тағыбергенқызы Раушанова
5.Атырау қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі жанындағы «Отбасын қолдау» бөлімшесінің маманы Оксана Болатовна Кубаева
Қатысушы: Қалалық ішкі саясат бөлім өкілі
Атырау қалалық ішкі саясат бөлімінің ақпараттық және жастар саясаты жөніндегі сектор меңгерушісі, қала әкімі жанындағы әйелдер ісі және отбасылық демографиялық –саясат жөніндегі комиссия хатшысы Гүлшат Жұмабекқызы Мағынтаева
Спикер мамандардың ақпараттық түсіндіру баяндамасынан кейін сұрақ жауап бөліміне кезек берілді, ал шара соңында Атырау қалалық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі өнерпаздарының концерттік нөмірлері қойылды.
**3 міндет. «Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн» науқаны аясында іс-шаралар**
1 шара: «Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн» науқаны аясында іс-шаралар кешенін (қала аумағында акциялар, жиындар және т.б.) ұйымдастыру – кемінде 3 шара, әр шарада кемінде 30 адамның қатысуын қамтамасыз ету;
**1-іс-шара:** Тақырыбы: **«Зорлық –зомбылықсыз болашақ» семинар-тренингі**
Шараның өткен күні: 25.11.2024 Сағат 10:00-12:00де APEC petro technic жоғары колледжінің үлкен залында өтті.
Арнайы шақырылған қонақтар Атырау қаласы әкімінің орынбасары Н. М. Ермұханов алғы сөзімімен шараны ашып берді. Балалар құқығын қорғау бойынша Атырау облысы бойынша уәкіл А. М. Сарсембаева, «Ана үйі» ресурстық орталығының үйлестірушісі Г.Д. Губашева, тренер- коуч, отбасылық психолог Серікгүл Сали. Шара қонақтары зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн белсенділік науқаны аясында жастарға зорлық-зомбылықтың алдын-алуға қоғам болып бірлесе үлес қосуға шақырды. Мамандар осы салада өз пікірлерін жастарға түсінікті тілде жеткізе білді. Шараның басты қонағы Астанадан арнайы шақыртылған, қазіргі таңда қоғамда белең алып отырған жастар арасындағы буллинг, кибербуллинг, суицид, зорлық-зомбылыққа ұшырау жағдайларында психологиялық көмек көрсетіп, осы бағытта тәжірибесі мол психолог-психотерапевт Серікгүл Сали өз кезегінде жастарға семинар-тренингті залмен байланыса жүргізді. Тренингке жастар өте белсенді

араласты. **Жалпы шараға 93 адам қатысты.** Қорытынды сөз:Атырау облысы әкімі жанындағы әйелдер істері және отбасылық – демографиялық саясат жөніндегі комиссияның бас инспекторы З.Х. Жалмурзинаға беріліп, өте керемет жастарға деген мотивациялық, зорлық зомбылыққа қарсы жасалған жұмыстар мен жастарды қорғау, қолдауға жұмыстанатынымызды және олардыдұрыс жол көрсету бағытында баяндамалары қызықты әрі пайдалы болды. Сол облыстық деңгейдегі комиссия мүшелері шараны облыстық көлемде өткізілді деп мақтап, баға берді.

**2-іс-шара: Тақырыбы: Зорлық-зомбылықсыз әлем**

Шара мақсаты: Жасөспірімдерге зорлық- зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның басты құндылықтарының бірі- оның бостандығы екенін, жеке шекарасын таптатпауы, әйелдер мен қыздарға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу, болдырмау және жолын кесу, ана мен баланы қорғау бағытында ақпараттық түсіндіру,пікірлесу,сондай-ақ отбасылық құндылықтарды насихаттау.

Шара форматы: Кездесу, пікірталас.

Өтетін күні: 26.11.2024жыл, сағат: 15:00 Өтетін орны: Х.Дүтбаева атындағы Атырау гуманитарлық колледжі, конференц зал.

Атырау облысы әкімінің жанындағы әйелдер істері және отбасылық - демографиялық саясат жөніндегі комиссияның бас инспекторы Замзагүл Хиданқызы Жалмурзина. «Гендерлік саясат, гендерлік зорлық- зомбылыққа қарсы іс-шаралар,нәтижелер» алғы сөзімен шараны ашты. Өз кезегінде арнайы шақырылған қонақтар Тұрмыстық зорлық -зомбылық құрбандарына арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету бөлімшесінің заңгері Бекболат Бақтыгерейұлы Тайжанов, Атырау облысы әкімінің гендерлік теңдік мәселелері жөніндегі штаттан тыс кеңесшісі, Атырау облыстық мәслихат депутаты, Атырау облысы әкімі жанындағы отбасылық демографиялық саясат жөніндегі комиссия мүшесі, кәсіпкер, «Іскер әйелдер қауымдастығының» төрайымы Фатима Набидоллақызы Тулеева, Атырау облысы әкімі жанындағы әйелдер істері және отбасылық демографиялық саясат жөніндегі комиссия мүшесі, Атырау облысы жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының « №3 Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі директоры Анар Маратқызы Каюпова, Педагогика және психология саласының білікті маманы, психолог практик Асемгүл Темірболатқызы, Атырау қаласы әкімі жанындағы әйелдер істері және отбасылық демографиялық саясат жөніндегі комиссия мүшесі, «Ана мен бала» үйі дағдарыс орталығының үйлестірушісі Гулфайруз Дендерқызы Губашева, Атырау қаласы Полиция басқармасы жергілікті полиция қызметі бөлімі инспекторы Менешкалиева Гулим Нурбайкызы қатысып, ой бөлісты. **Шараға жалпы 102 адам қатысты.**

**3- іс-шара Тақырыбы: «Қырық жанды ӘЙЕЛ. Grit of women» сауықтыру терапиясы, психологиялық тренинг форматында іс-шара**.

Шара 27.11.2024 Сағат 14:00-17:00 де «Отбасын қолдау орталығы» конференц зал.Қ.Сәтпаева,23 мекен жайда өтті. Шара қатысушылары: Тұрмыстық зорлық-зомбылықты бастан өткерген аналар,өмірлік қиындық жағдайда жүрген әйелдер, көпбалалы аналар. Шараны ашу үшін алғы сөз Атырау қаласы әкімі жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссияның мүшесі, Атырау қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі басшысы Рафхат Лесұлы Жолдиевке берілді. «Зорлық зомбылыққа қарсы күн белсенділік» акциясы тарихы,мақсаты,ішкі саясат бөлімінің тапсырымен өткізіліп жатқан әлеуметтік жоба аясындағы іс-шаралар туралы,көмек керек болғанда қайда хабарласуға,қандай жауапты мекемелерден көмек сұрауға болатыны туралы ақпараттық түсініктеме бере отырып, аналарға деген ақ тілегін арнау үшін сөз кезегі Атырау қаласы әкімі жанындағы әйелдер істері және отбасылық -демографиялық саясат жөніндегі комиссияның хатшысы, Атырау қалалық ішкі саясат бөлімінің бас маманы Гүлшат Жұмабекқызы Мағынтаеваға берілді. Шараның басты қонағы, тренер, психолог- практик Айгүл Тағыбергенқызы Раушанованың сауықтыру терапиясы,психологиялық тренингі қиын жағдайда жүрген аналар жиналып, психологиялық тренингке қатысты. Тренинг әйел адамдардың өзін жақсы көруіне, бағалауға

бағытталды. Осы тренинг арқылы қиындық, тұрмыстық зорлық зомбылық көрген аналарды депрессиядан шығару, айналаға бұрынғыша сеніммен карауға, жалғыз емес екеніне көз жеткіздіру. Шарада қоғамда зорлық зомбылық көрген әйел немесе бала болсын, оларды қорғайтын заң қатаңдатылғаны айтылды, жауапкершіліктің бар екенін түсіндіруді мақсат етіп қойылды және мақсат нәтижесін берді. Аналар топтық және жекелей психологиялық көмек алды, өз сұрақтарына маманнан жауап таба білді. Көпбалалы, белсенді ана, күміс волонтер (жас кезінде тұрмыстық зорлық-зомбылықты бастан өткерген) Айгүл Жолдасқызына қиындық жағдайда жүрген әйелдерді қолдау,өмірлік тәжірибесінен ақыл- кеңес, мотивация беру үшін сөз берілді. Кофе брейк үстінде кері байланыс жасалып, шара соңында естелік фотоға түсірілді. **Шараға жалпы 90 адам қатысты.**

**4- іс- шара: 28 қараша 2024 жыл Флаэрлерді тарату.**

Атырау қаласы әкімдігінің қолдауымен, Атырау қалалық ішкі саясат бөлімінің тапсырысымен, Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының гранты негізінде 15 шілде- 29 қараша аралығында жүзеге асқан «Әйелдер мен балаларға қатысты қатыгездік пен зорлық - зомбылықтың алдын алу бойынша «Салтанат заңын тиімді жүзеге асыру» әлеуметтік жобасын қорытындылау. Мекемелерде, халық көп жиналатын қоғамдық орындарда ақпараттық танымдық флаерлерді тарату. Келесі жылы осы бағыттағы жобаның тиімділігін арттыру мақсатында Атырау қаласының әртүрлі жастағы тұрғындарына сұрақтар қою, зерделеу,мониторинг жасау.

**4 міндет. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың, жастар мен балалар арасында буллинг, суицидтің алдын алу мәселесін насихаттау бағытында жастар арасында шара**

1 шара: Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың, жастар мен балалар арасында буллинг, суицидтің алдын алу мәселесін насихаттау бағытында жастар арасында 2 шара (пікірталас, интеллектуалдық ойындар және т.б) өткізу, әр шарада кемінде 25 адамның қатысуын қамтамасыз ету.

Жастар мен жасөспірімдер арасындағы Қазіргі қоғамда жастар мен жасөспірімдер, тіпті кішкентай балалар арасында да буллинг пен кибербуллингтің көбейіп бара жатқаны өзекті мәселелердің бірі. Сондықтан да, осындай келеңсіз жағдайлардың болғанымен емес, болмай тұрып алдын алу шаралары маңызды деп санаймын. Осы орайда, Атырау қаласында Атырау қаласы әкімдігінің қолдауымен, ішкі саясат бөлімі көптеген жастар тәрбиесіне бағытталған іс-шаралардың өтуін қамтамасыз етуде. Осы бағытта Жарқын ЖанҰя қоғамдық бірлестігі кең көлемде, сапалы 2 шара өткіздік. Пікірталас алаңында буллингтің қауіптілігі, салдары бойынша және отбасындағы, білім ошақтарындағы тәрбие, қоғамның ықпалы, әлеуметтік желінің де зиянды тұстары бойынша пікірталас форматында кеңінен тақырып ашылды. Коуч-тренер, буллинг, суицид бойынша эксперт маман Асқар Секербаев, ұйымдастырушы "Жарқын ЖанҰя" қоғамдық бірлестігі, колледждердің оқу-тәрбие ісі бойынша бөлім мамандары,тапсырыс беруші қалалық ішкі саясат бөлімі және қолдаушы оператор Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы КЕАҚ бірлесе осындай шараларды жастар арасында өткізуге мұрындық бола отырып, көп нәтижеге яғни жастардың ненің дұрыс ненің бұрыс екеніне көз жеткізу, жүректеріне жылу ұялата,адамгершілік қасиеттерді бойларына сіңірту сияқты тәрбие жұмыстарына сапалы үлес қосты. Екі шарада да жастарды тәжірибелі маман өзінің жеке бағдарламалық тренингісі арқылы топқа бөле отырып, командалық ұжымдық иммунитет қалыптастыра,коммуникативтілік орнатты,белсенділіктерін арттырды, бәсекелестікке баулыды, жеңімпаз болуға талпындырды.Буллинг бойынша теориялық және практикалық жұмыстар жүргізді. Шараға қонақ ретінде шақырылған үлкендер жастарға өз ақыл кеңестерін берді.

**1-іс шараТәрбиелі жастар - қауіпсіз қоғам! Bullying және оның алдын алу тақырыбы бойынша Атырау жастарына арналған пікірталас алаңындағы кездесу шарасы**

Мақсаты: Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың, жастар мен балалар арасында буллинг, суицидтің алдын алу мәселесін насихаттау, жасөспірімдерге қорқытудың қауіптілігі мен оның салдарын жеткізу. Шараның өткізілген орны: APEC PetroTechnic жоғары колледжі, кітапхана залы. Күні: 30.10.2024ж. сағаты: 15:00 ден бастап. Қатысушылар: Студент жастар, ұстаздар.
«Қоғамдағы өзекті мәсележастар, жасөспірімдер мен балалар арасындағы буллингтің алдын алу шараларының маңызы» Алғы сөз Атырау қалалық ішкі саясат бөлім басшысы Н.Н. Утегалиевке берілді. Негізгі бөлім: Тәрбиелі жастар - қауіпсіз қоғам! Bullying және оның алдын алу тақырыбында пікірталас, командалық ойындар Күтілетін нәтиже Шара жүргізушісі: Коуч-тренер, фасилитатор Асқар Мұхамбетұлы Секербаев жастармен фасилитация форматында өте керемет тренинг өткізді. Тренингке жастардың өздерін сұрақ қою, шешімін табуға, пікірталастыруға арналған бағдарлама арқылы белсенділіктері артып, командалық, топтық жұмыстар жүргізілді. Жеңімпаз команда және белсенді қатысқан командалар қаржылай марапатталды. **Шараға жалпы 45 адам қатысты.**

**2- іс шара Тәрбиелі жастар - қауіпсіз қоғам! Bullying және оның алдын алу тақырыбы бойынша Атырау жастарына арналған пікірталас алаңындағы кездесу шарасы**

Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың, жастар мен балалар арасында буллинг, суицидтің алдын алу мәселесін насихаттау, жасөспірімдерге қорқытудың қауіптілігі мен оның салдарын жеткізу. Шараның өтетін орны: Х. Досмұхамедов атындағы Атырау Университеті, 210 аудитория. Күні: 07.10.2024ж. сағаты: 09:30 Қатысушылар: Студент жастар,ұстаздар.
«Қоғамдағы өзекті мәсележастар, жасөспірімдер мен балалар арасындағы буллингтің алдын алу шараларының маңызы» Алғы сөз Атырау қаласы әкімінің орынбасары Н.М.
Негізгі бөлім: Тәрбиелі жастар - қауіпсіз қоғам! Bullying және оның алдын алу тақырыбында пікірталас.
Шара жүргізушісі: Коуч-тренер, фасилитатор Асқар Мұхамбетұлы Секербаев командалық ойындар арқылы пікірталас, жастардың өздерін қатыстыра отырып, буллингтің түрлерін, одан қалай сақтануды, осындай ситуацияға түскенде шығу жолдарын, кімнен көмек сұрау туралы теориялық және практикалық түрде білімдерін арттырды. Қатысушылар топта болудың маңыздылығын және топтан (ортадан) шығарылу қаупін талқылады. Қорқыту (Буллинг) Мұны түсіну қорқыту бұл басқа адамға зиян келтіруге, қорлауға немесе оқшаулауға бағытталған қасақана, агрессивті мінез-құлық. Қолдау және достық Достық пен қолдаудың маңыздылығы. Сыныпта қорқытуға (қорқытуға) қарсы ережелер қабылдау. Тренингтің эмоционалды Материалды бекіту және аяқталуы. Арнайы шақырылған қонақтар Атырау облысы бойынша бала құқығын қорғау уәкіл, қалалық мәслихат депутаты А.М. Сарсембаева, Атырау облысы бойынша адам құқығы бойынша омбудсмен С. Баянгалиқызының қатысуымен өткізілді. Жеңімпаз команда және белсене қатысқан қатысушыларды қаржылай сыйақымен марапатталды. Шараға жалпы 32 адам қатысты.

**Кестені толтырыңыз және алынған нәтижелерді жоспарланған нәтижелермен салыстырыңыз:**

| | |
|---|---|
| **Жобаның мақсаты:** | Атырау қаласында зорлық-зомбылықтың алдын-алу<br>Нысаналы индикатор: Тұрғындардың жобамен тікелей қамтылуы – 500 адам; |
| **Жобаны іске асырудан қол жеткізілген нәтиже:** | Тұрғындардың жобамен тікелей қамтылуы – 635 адам<br>1.Кәсіби мамандардың тренерлігімен Әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың, буллингтің алдын алу бойынша құзыретті мекемелердің мамандарының (мемлекеттік қызметкерлер, дағдарыс орталығы, полиция инспекторлары, психологтар) біліктілігін арттыру (тренинг) – қатысушылар саны: кемінде 40, оқу ұзақтығы: 24 сағат, |

| | |
|---|---|
| | тренерлер саны: 2 (кемінде 1-уі Республикалық деңгейдегі өз саласында танымал тренер болу қажет);<br>2.Тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселесі бойынша Атырау қаласы және қарасты округ тұрғындарының хабардарлығын арттыру шараларын өткізу (кездесу, конференция, т.б.) – кемінде 6 шара. Барлығы шараларға 233 адам қамтылды.<br>3.«Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн» науқаны аясында іс-шаралар кешенін (қала аумағында акциялар, жиындар және т.б.) ұйымдастыру – кемінде 3 шара, барлығы 285 адамның қатысуын қамтамасыз етілді;<br>4.Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың, жастар мен балалар арасында буллинг, суицидтің алдын алу мәселесін насихаттау бағытында жастар арасында 2 шара (пікірталас, интеллектуалдық ойындар және т.б) өткізу, барлығы екі шраға 77 адамның қатысты.<br>5.Әрбір іс-шараны өткізуі туралы жергілікті әлеуметтік желілерде ақпараттандырылды. (кемінде 50 мың тіркелушісі бар топтарда);<br>6.Шараның қатысушыларын (интеллектуалды ойындар және т.б.) ақшалай марапаттау немесе бағалы сыйлықпен қамтамасыз етілді.<br>7.Оқыту іс-шараның барлық қатысушыларын сертификат және қажетті жабдықтармен қамтамасыз етілді. |

